

- энергия (электр энергиясы, жылу, мұнай және газ) – Мұнайгаз секторы Қазақстанның маңызды саласы болып қалып отыр. Ол ЖҰӨ 30% мен экспорттың 60% құрайды. Қазақстан «жасыл» экономикаға көшу үшін мұнайгаз секторына бірыңғай сенім артудан біртіндеп арылуы тиіс;

- Су – Қазақстан 2018 жылға қарай су тұтыну көлемін қысқартуды басыңқы бағыттардың бірі ретінде қарастырып отыр. Сонымен бірге, таза ауыз су тапшылығын елдегі халықтың 20% сезініп отыр, кейде су сапасы нормативтік талаптарға сай келмейді. Сумен қамсыздандыру ЖҰӨ 2% ғана құрайды;

- Қалдықтар. Қалдықтарды қайтара өңдеу бар болғаны 20%. Үкімет 2020 жылға қарай қалдықтарды утилизациялауды 70% жеткізуді жоспарлап отыр. Қазіргі күні Қазақстан қауіпті қалдықтарды жинақтаудан Шығыс Еуропа мен ТМД елдерінің арасында екінші орында болып табылады.

- Ауылшаруашылығы, балық аулау және орман шаруашылығы. Аталған сектор көшет газдарының шығарылымының 10% құрайды. Ауылшаруашылығы ұлттық ЖҰӨ 5% мен экспорттың 2% құрайды. Қазақстан үшін бидай өсіру мен оны экспорттау ісі басыңқы болып қала береді, себебі біздің еліміз бидай экспорттаушы әлемдік бестікке енеді.

- Көлік. Қазақстандағы тасымалдаудың басым бөлігі дизель/бензинге тиісті. Ол ең алдымен ауаны ластауға әсерін тигізеді. Тасымалдау секторы Қазақстанның ЖҰӨ 8% береді, сондықтан да елдің көлік әлеуетін арттыру маңызды болып табылады. Осылайша, «жасыл» экономика ұлттық экономиканың баюымен қатар, ЖҰӨ өсу қарқынын жылдамдатады. Ол кедейшілікті жою мен экологиялық ресурстарды сақтау арасындағы байланысты орнатады. Экологиялық экономика жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді. Мұндай қоғамда жаппай өндіру болмайды және табиғи ресурстарды пайдалану қысқарады. Табиғи ресурстардың орнына «Жасыл Нано» технологиясы қолданылады.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына „Қазақстан — 2050“ Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. -Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.

2. ҚР Президентінің баспасөз қызметінің мәлімдемесі. Париж, 22 қараша, 2012 жыл.

3. Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігі».

**Көмекбаева Л.С., э.ғ.к., доцент (Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)  
Орынбасарова Е.Д., PhD., доцент (Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІН БАҒАЛАУ**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бастап мемлекет саясаты әлемдік экономикаға Қазақстанды интеграциялауға және нарықтық механизмдерді дамытуға бағытталды. Мемлекетке елдің барлық экономикалық жүйесін модернизациялау мәселесін шешу, нарықтық экономика негіздерін меңгеру қажет болды. Сол уақытта мемлекет саясатының басты бағыты жеке меншік институтын нарықтық қатынастардың негізгі бөлігі ретінде қалыптастыру қажеттігі туындады. Мемлекет қойылған мақсатқа жету үшін мемлекеттік меншікті жекешелендіруді негіз етті.

Қазіргі уақытта мемлекеттік меншікті басқару шеңберінде қолданылатын келесі құралдарды атап өтуге болады [1]:

- экономикалық қатынастарға жарғылық капиталында мемлекет үлесі бар заңды тұлғаларды құру арқылы мемлекеттің белсенді және тікелей араласуы. Елдің

экономикалық дамуына әсер ететін үлкен жобаларды іске асыратын ірі жүйелі компаниялар(холдингтер) құру;

- мемлекеттік-жеке серіктестікті енгізу, соның ішінде мемлекетке бағынатын заңды тұлғалар арқылы, яғни ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, ұлттық басқару холдингтері, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы инвестицияларды тарту, кіші және орта бизнесті дамыту, қолдау және республиканың экономикалық өсуін қамтамасыз ету;

- өндірістің және шаруашылықтың жеке бір салаларына жеке капиталды тарту құралы ретінде мемлекеттік мүлікті жекешелендіру.

Кейінгі 5 жылда мемлекет меншігінен құрылды:

- ұлттық компанияларды басқаруды жүзеге асыратын «Самұрық қазына ұлттық қоры» акционерлік қоғамы;

- мамандандырылған мемлекеттік даму институттары арқылы Қазақстанның шикізат емес экономика секторына қаржылық-инвестициялық қолдау көрсету мақсатында құрылған «Бәйтерек ұлттық басқару холдингі» акционерлік қоғамы;

- экономиканың жеке салаларындағы ұлттық холдингтер: агроөндірістік кешенінде құрамына «Продкорпорация» ұлттық компаниясы берілген «НУХ Казагро» акционерлік қоғамы; Телекоммуникация саласында «Инфокоммуникациялық холдинг «Зерде» АҚ құрамына «ҰҚ Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «ҰҚ Казсатнет» АҚ берілген; құрамына ұлттық компания «ҰҚ Казинформ» АҚ берілген «Арна-Медиа» АҚ; АҚ «Медициналық қоғам», АҚ «Парасат холдинг», Ұлттық компания «КазКосмос»;

- акционерлік қоғамдардың акция пакеттері және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің 100% мемлекет қатысуымен болса, онда 100% мемлекетке тиесілі;

- акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің акция пакеттері 50-ден 100% мемлекет қатысуымен болған жағдайда, 50-ден 100% мемлекет үлесінде;

- акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің акция пакеттері 50%-дан төмен мемлекет қатысуымен болса, онда мемлекет үлесі 50% төмен болады.

«Самұрық қазына ұлттық қоры» АҚ қызметінің негізгі бағыттары:

- жалғыз акционері болып табылатын мемлекет қызығушылығын көздеу;

- «Самұрық қазына ұлттық қоры» АҚ және компаниялар қызметінің тиімділігі, ашықтығы;

- шешім қабылдауда және жүзеге асыруда жүйелік және жылдамдық;

- жауапкершілік және есеп беру.

«Самұрық қазына ұлттық қоры» АҚ-нің негізгі қызметі 3 бағытта жүргізіледі:

1) Өндірістік және инвестициялық қызмет: ұлттық және халықаралық деңгейдегі инвест жобаларды жүзеге асыру, активтерді модернизациялау және қолдау, аймақтарды дамыту және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда көмек көрсету, отандық өнім және қызмет өндірушілерді қолдау.

2) Экономика және қаржылық жүйені тұрақтандыру: экономиканы тұрақты дамыту мақсатында тұрақтандырушы және ескерту шараларын жүзеге асыру, қаржылық ресурстарды барлық жауапкершілік деңгейінде сақтандыруды қамтамасыз ету.

3) Корпоративті басқару жүйесін дамыту: компания құндылықтарын максимизациялау және бәсекеге қабілеттілігін күшейту, корпоративті басқарудың ең жақсы тәжірибесін енгізу.

«Ұлттық басқарушы холдинг «Байтерек» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Президентінің 22 мамыр 2013 жылғы №571 «Даму институттарын, қаржылық ұйымдастыруды басқару жүйесін оптимизациялау және ұлттық экономиканы дамытудың кейбір шаралары туралы» Жарғысы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25 мамыр 2013 жылғы №516 «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру бойынша шаралар туралы 22 мамыр 2013жыл № 571»Қаулысына сәйкес құрылған.

Холдингтің миссиясы шикізаттық емес секторды қаржылық-инвестициялық қолдау және ұлттық экономиканы диверсификациялау, инвестиция тарту және оның еншілес ұйымдарын корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру.

Холдинг мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге даму институттары арқылы Мемлекеттік 2010-2014; 2014-2019 жылдарға арналған үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы және «Бизнестің жол картасы – 2020» және «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламаларына белсене қатысады.

АҚ «ҰХБ «Байтерек» даму институтының он еншілес ұйымына кіреді: АҚ «Қазақстанның Даму Банкі», АҚ «Қазақстанның Инвестициялық қоры», АҚ «Жилстройсбербанк», АҚ «Қазақстандық ипотекалық компания», АҚ «КазЭкспортГарант», АҚ «Кәсіпкерлікті дамыту қоры «Даму», АҚ «Технологиялық даму бойынша ұлттық агенттік», АҚ «Ипотекалық несиені кепілдендірудің Қазақстандық қоры», АҚ «KazynaCapitalManagement», АҚ «Стресті активтер қоры». Холдингтің осы компаниялардың мемлекеттік акциялар пакетін пайдалану мен иелену құқығы бар.

Холдингтің еншілес ұйымдарының активтерінің сомалық бағасы 12 млрд. АҚШ долларынан асады. Жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады.

АҚ «ҰХБ «Байтерек» негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- Менеджмент тәуекелінің тиімді жүйесін енгізу.
- Ашықтықты және тұрғындардың сену деңгейін арттыру.
- Еншілес ұйымдардың қызметтерінің синергетикалық тиімділігін арттыру.
- Еншілес ұйымдардың экономикалық тиімділігін/шығыссыздық принципін арттыру.

- Қосымша инвестициялар тарту.
- Жеке сектормен өзара әрекеттесу.

АҚ «ҰХБ «Байтерек» қызметінің негізгі бағыттары:

- Қаржылық-инвестициялық бағыттар. Онымен Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстанның Инвестициялық қоры, Kazyna Capital Management және Стресті активтер қоры басқарады.

- Кәсіпкерлік пен иновацияны қолдау. Осы бағытта кәсіпкерлікті дамыту Қоры «Даму», Технологиялық даму бойынша ұлттық агенттік және КазЭкспортГарант жұмыс істейді.

- Тұрғынжай құрылысы. Осы бағытта Қазақстанның Жилстройсбербанкі, Қазақстандық Ипотекалық және ипотекалық несиелерді Қазақстандық кепілдендіру қоры жұмыс істейді.

Соңғы 10 жылда АҚ«ҰХБ «Байтерек» еншілес құрылымдары, 140 астам инвестициялық жобаларды қаржыландырды, сомасы 6 млрд. АҚШ долларынан артық. Сонымен қатар 5 млрд. АҚШ доллары шағын және орта бизнеске несие ретінде берілді. Жеке кәсіпкерліктің несиелерінің 3 600 несиесі кепілдендіріліп субсидирленді. Тек Қазақстанның даму банкі бойынша ғана қажыландыруға 97 инвестжобалар мақұлданды және экономикаға шашамен 6,2 млрд. АҚШ доллары салынды.

Осы шаралар шамамен 85 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Қолдау көрсетілген кәсіпорындар 7,5 млрд. АҚШ долларына тауар мен қызмет өндіреді және мемлекеттік бюджеті салық түрінде жыл сайын шамамен 480 млн АҚШ долларына толықтырады.

«Қолжетімді тұрғын үй – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шегінде Жилстройсбербанк бағытында 360 мың. м2 тұрғынжай енгізілді.

Одан басқа, «жасыл» экономиканы дамыту шегінде «Байтерек» холдингі жеке секторды дамыту бойынша Исламдық (ICD) корпорацияға кіру ниеті туралы 3 жақты Меморандумға қол қойды және АҚ Ұлттық холдингіні Басқару «Байтерек» - АҚ «Технологиялық даму бойынша ұлттық агенттік» (ТДҰА) қол қойды және CentralAsiaRenewableEnergyFundLP құрамына кіруге қол қойды.

Қордың құрылу мақсаты инвестицияны жүзеге асыру және альтернативтік энергияны жандандыру бойынша активтер портфелі 8 ден 10 жылға дейін. Қаржының мақсатты көлемі - 50 млн. АҚШ доллары бастапқы кезеңде 100 млн. АҚШ доллары одан әрі. Құрылған қордың бірнеше бірігей міндеттері бар:

Біріншіден, ол тек Қазақстан Республикасында ғана жобаларды қаржыландыратын болады.

Екіншіден, оның жарғылық капиталының үштен екеуі жеке және шетелдік инвестиция есебінен құрылатын болады. АҚ «ТДҰА» тұлғасындағы мемлекеттік жарғылық капиталдың жалпы көлемінен үштен бір бөлігін салады.

Үшіншіден, оның қызметі исламдық қаржыландыру принципімен құрылады. Сонымен қатар ICD қордың Кеңесшісі болады деп жоспарланып отыр, ол өзінің жобаны құрылымдау бойынша тәжірибесін ұсынады.

Төртіншіден әлеуетті жобалардың тізімі құрылды, олар жаңа құрылыммен қаржыландырылуы мүмкін.

Қор құруға «Байтерек» холдингісінің қатысуы компанияның Қазақстанның жасыл экономикасына үлес қосуы болып табылады және елдің халықаралық «ЕХРО- 2017» көрмесіне дайындығына үлес қосу болады.

АҚ «Ұлттық басқарушы холдинг «ҚазАгро» Қазақстан Республикасы Президентінің 11 желтоқсан 2006 жылғы № 220 «Агроөндірістік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы» Жарғысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 желтоқсан 2006 жылғы №1247 «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысын жүзеге асыру бойынша шаралар туралы 11 желтоқсан 2006 жылғы № 220» Қаулысына сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 24 ақпан 2009 жылғы №748 «Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысына өзгертулер енгізу туралы 11 желтоқсан 2006 жылғы № 220» Қаулысымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13 наурыз 2009 жылғы №297 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы 23 желтоқсан 2006 жылғы № 1247» Қаулысымен Холдингке ұлттық басқару холдингі статусы берілді.

АҚ «ҰБХ «ҚазАгро» мақсаты Қазақстан Республикасының агроөндірістік кешенінің мемлекеттік саясатын инвестициялық активтерді тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып және акциясы орналастырылған акцияны төлеуге берілген агроөндірістік кешен саласында қызмет етіп отырған акционерлік қоғамдардың корпоративтік мәдениетін дамыту арқылы жүзеге асыру болып табылады.

Холдинг миссиясы АӨК индустриалдық дамытуды ынталандыру бойынша мемлекеттік саясатты нәтижелік, транспаренттік және Холдингтің құрылымдарын тиімді корпоративтік басқару арқылы жүзеге асыру болып табылады.

Холдинг ауыл шаруашылығын дамытудың маңызды стратегиялық жобаларының операторы бола отырып, мемлекеттік және тартылған ресурстарды тиімді пайдаланудың қолжетімді, мақсатты және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, оның одан арғы өндірістік, ақпараттық және сервистік инфрақұрылымының дамуын жүзеге асырады.

Холдингтің болжауы: АҚ «ҰБХ «ҚазАгро» 2020 жылы Қазақстан Республикасының АӨК саласы тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік саясатты жүргізу болады.

2020 жылы холдинг және оның еншілес құрылымдары корпоративтік басқаруға рейтинг алады, ол холдинг компаниясының корпоративтік тобының жоғары мәдени дамуын нақтылайды және адам әлеуетін жоғары дамыту критерилерін нақтылайды.

АҚ «ҰБХ «ҚазАгро» стратегиялық бағыттары:

1. индустриализациялау мен диверсификациялау арқылы АӨК өндірістік еңбектің артуын ынталандыру.

2. Елдің тамақ өнімі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу.

3. АӨК әлеуетін жүзеге асыру мен оны дамытуға ықпал ету.

4. АӨК субъектілерін қолдау бойынша қолжетімділікті арттыру.

5. Холдингтің қызметінің ашықтығы мен корпоративтік басқару сапасын арттыру.

Мемлекеттік- жеке меншік серіктестікті (МЖС) барлық көптүрлілікте жетістікпен жүзеге асыру оны жергілікті аумақта дамытпайынша мүмкін емес. Аумақтық ерекшелікті есепке алу мәселелері және аумақты айырып қарау – елдің әлеуметтік-экономикалық жүйесін дамыту неғұрлым маңызды болып отыр. Осыған байланысты нақты қадам ретінде аумақтық даму институттарын құру болып отыр олардың жұмыстары мемлекет пен бизнестің қызметтестігін арттыруға бағытталған. МЖС құрылған орталықтарға қарағанда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) қызметтері көп және басқа да қызметтестіктерге бағытталған. Өз негіздері бойынша олар мемлекеттік ұйымдар мен бизнес құрылымдары арасындағы өзара байланыс құратын құрал болып табылады [2, 19-21 б.; 3, 77-81 б.; 4, 24-28 б.; 5].

Мемлекеттік-жекелік серіктестікті дамытудың негізгі құралы аумақтық әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация құру бойынша корпорацияның Концепциясы болады ол Қазақстан Республикасының аумақтық даму 2015 жылға дейінгі даму Стратегиясына негізделіп жазылған 31 мамыр 2006 жыл № 483. Құрылған ӘКК-нің негізгі мақсаты мемлекеттік және жеке сектордың консолидациясы арқылы аумақтардың экономикалық дамуына ықпал ету, кластерлік жолмен бірегей экономикалық нарық құру [6].

Жалпы алғанда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация – ол мемлекеттік-жекелік серіктестік идеясын мемлекеттік және бизнес-құрылымдардың өзара әрекеттестігімен жүзеге асыратын ұлттық компания. ӘКК ұйымдастырушылық-құқықтық формасы бойынша коммерциялық түрдегі корпорация ретінде құрылады, алайда табыс табу міндеттерін шешуге құрылған және аумақтардың әлеуметтік- экономикалық дамуына инвестиция тартуға құрылған. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның коммерциялық корпорациядан айырмашылығы – алынған табысты аумақтық әлеуметтік жобаларына қайта инвестициялау, олар осы мақсатқа құрылған. Онда әлеуметтік жауапкершілік ретінде табысты әлеуметтік жобаларға инвестициялау ғана емес, сонымен қатар бәсекеге қабылетті бизнес құру, рентабельді емес кәсіпорындар базасында жаңа өндірістер құру, мемлекеттік меншікті тиімді пайдаланулар да жатады. Осындай корпорацияның әрқайсысы аумақтағы даму институты болуы керек, ол кооперацияның дамуына ықпал ететін болады.

ӘКК жеке бизнеспен бірге аумақтың жер қойнауын игеруге, жер телімдерін беру арқылы аумақтық бизнестің дамуына ықпал етуге, ресурстарды қаржыландыруға сонымен қатар, құрылыс пен инфрақұрылымды дамытуға құрылған. Одан басқа, ӘКК қызметтерінің бірі ол мемлекет пен жеке капитал ресурстарын кәсіпкерлік орта құруға бағыттау және аталған уақытта тартымдылығы аз алайда, әлеуметтік салада маңызды болатын бизнеске бәсекелестік құру. Оған ең бірінші кезекте білім беру, медицина, мәдениет пен спорт жатады.

ӘКК мемлекеттің қаржылық қолдауымен және жеке инвесторлардың қаржылық қолдауымен жоғары технологиялық инвестициялық және инновациялық жобаларды жүзеге асырады деп меңзеліп отыр. Жаңа жобаларды жүзеге асырудан басқа ӘКК әрекет етіп тұрған мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтырумен айналысады, алынған табысты әлеуметтік, аумақтың экономикалық және мәдени жобаларына реинвестирлеумен айналысады [7].

*Қазақстанда ӘКК ұйымдастыру бірнеше кезеңнен өту арқылы құрылды.* Бастапқысында Қазақстан Республикасында жеті әлеуметтік –кәсіпкерлік корпорация құрылды олар республиканың барлық аумақтарын қамтыды. Содан кейін елдің ӘКК есеп беру органын бірнеше рет ауыстырды және соңында келіп облыстық әкімдіктердің басқаруына ауысты. Келесі қадам бірнеше ӘКК қайта құру болды, нәтижесінде бүгінгі күні Қазақстанда 15 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация жұмыс істеп отыр.

Акционерлік қоғам "Ұлттық компания "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация "Сарыарқа" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15 қаңтар 2007 жылғы №22 Қауласымен құрылды, оның мақсаты Ақмола, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын экономикалық дамытуға ықпал ету болып табылады. Аталған мәселе бойынша одан әрі

мемлекеттік саясатты қайта қарауға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметінің 31 наурыз 2010 жылғы №266 қаулысымен Акционерлік қоғам "Ұлттық компания "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация "Сарыарқа" мемлекеттік акциялар пакетін Астана, Қарағанды және Ақмола облысының коммуналдық меншігіне тең үлеспен беру туралы шешім қабылданды [8].

Келесі қадам, ӘКК "Сарыарқа" жекелеген үш әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар «Сарыарқа», «Есіл» және «Astana» қайта құру болды.

Сонымен, АҚ «ӘКК «Сарыарқа» бүгінгі күні аумақтық даму институты, оның қызметі Қарағанды аумағын экономикалық және әлеуметтік дамыту болып табылады.

ӘКК жұмыс принципі мен қызметі оның миссиясында көрсетілген және Қарағанды аумағын мемлекеттік-жекелік серіктестік механизмдерін тиімді пайдалана отырып және бәсекелестік деңгейін арттыру мен аумақтағы экономиканы диверсификациялауға қол жеткізу үшін инвестициялық-инновациялық инфрақұрылымдарды құру арқылы тұрақты түрде дамытуға ықпал етуге бағытталған.

Бүгінгі күні АҚ «ӘКК «Сарыарқаға» 10 еншілес кәсіпкерлік, 12 тәуелді кәсіпорын, 17 ассоциирлеуші кәсіпорындар кіреді [9].

ӘКК «Сарыарқаның» еншілес, бірлескен және ассоциирленген кәсіпорындары шаруашылық қызметтің көптеген бағыттарын қамтиды, олар тұрғынжай - коммуналдық шаруашылықтан бастап агроөндірістік кешен, металлургия мен темірөңдеу.

АҚ ӘКК «Сарыарқаның» салымы қаржылай құралмен көлемі 23 360 теңге және Қарағанды облысы Жалын кен орнында жер қойнауын пайдалану құқығымен бағасы 165 467 360 теңгені құрады.

Жобаның жобалық қуаты жыл сайын 1 млн. тонна көмірді құрайды, 2033 жылға дейін. Қаржыны ақтау мерзімі 9 жыл мерзімімен анықталды кірістің ішкі ставкасымен 33,73%-ды құрады.

1. Қарағанды облысы Қоңырат ТМО кен орынынан мысты барлау мен өндіру.

Аталған жоба сонымен қатар бірлескен кәсіпорын болып табылады, алайда ӘКК үлесі көп (ол 40%), аталған кәсіпорында құру барысында «СAML Kazakhstan B.V.» серіктес компания болды.

Жобаны жүзеге асырудың барлық уақытында шамамен 500 мың. тонна катодты мыс өндіріледі деп жоспарланып отыр, таза бірлескен кіріс АҚШ жарты миллиард долларынан артық болады деп күтілуде. Жобаны жоғары рентабельді деп атауға болады, жобаны жүзеге асыруды бастағаннан кейін үш жылдың ішінде (шамамен 2013 жылы) жоба құнын ақтайды деп күтіледі. Осы жылы ӘКК «Сарыарқа» алғашқы кіріс алуды жоспарлап отыр.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы барлық жүзеге асырылып отырған жобаларда ӘКК тарапынан жаңадан құрылған кәсіпорын активі ретінде (яғни тәуелді организация) тек жер қойнауын пайдалану құқығы ғана берілген, одан арғы жұмысты жоспарлау және өндірістік қызметті жүзеге асыру жаңадан құрылған кәсіпорындарға жүргізіледі.

Ол ӘКК жерқойнауын пайдалану саласында жұмысқа серіктес- инвесторлар ретінде мемлекеттік-жекелік серіктестік ретінде тартылған жеке компанияның көмегімен қызметінің дамуына ықпал етеді.

21 бірлескен кәсіпорын құрылды. Бүгінгі күні бірлескен кәсіпорындарға жер қойнауын пайдалану құқығы берілген Қарағанды облысында 17 кен орыны бойынша, оларда геологбарлау және өндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр [9, 41 б.].

Жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаны жүзеге асырудағы проблемалар, құзырлы органдар мен мүдделі мемлекеттік органдардың тиісті рұқсат беру құжаттарын тартуынан болды, сонымен қатар қолда бар контракт бойынша эксперттік қорытынды мен оған және жұмыс жоспарына қосымшалар енгізу болды.

Мемлекеттік-жекелік серіктестіктің өндірісі мен оның инфрақұрылымын дамыту механизмі ӘКК «Сарыарқа» арқылы жүзеге асырылады, оның қызметінің негізгі жұмыстарының бірі ауылшаруашылығы өндірісін несиелендіру және қазіргі заманғы сауда-сатып алу желісін құру болып табылады.

Аталған бағыт шегінде ӘКК «Сарыарқа» мына шараларды жүзеге асыруды меңзеп отыр, 2015 жылға дейін:

– Ауылшаруашылық өнімін қайта өңдейтін өндірушілерді құру мен оларға тиімді қолдау көрсетуді жүзеге асыру, одан әрі нарықты түрлендіру үшін және ауыл халқын еңбекпен қамтуды дамытуды қамтамасыз ету үшін жұмысын дамыту: СДО (сервистік-дайындау орталығы) «Нұра», СДО «Қарқаралы», СДО «Ботақара», ЖШС «Арай КЗ», ЖШС «Green Technology»;

– Балық шаруашылығын дамыту ЖШС «Балықбағы» жұмыс арқылы, балық өндірушілерге геголоттарды жеткізіп беру арқылы және «Теңіз Империясы» компаниясына қалықты өңдеуге беру Ново-Узенка селосында. (көліктік қызметтер, тоңазытқыш және басқа да технологиялық құралдар) [73];

– Бірнеше инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, атап айтқанда:

– СельПК «Зергер-Агро» – сүт өңдеу мен сүт өнімдерін өндіру бойынша технологиялық желіні іске қосу Атасу селосында, сүт қабылдау құралдарын орнату «Бидайық», «Целинный», «Дружба» селоларында. Жобаның жалпы құны 135,0 млн.теңгеге бағаланып отыр;

– ЖШС «Қарағанды Сүт Комбинаты» (Нәтиже) – Астана қ. филиал ашу, елді мекендерге сүт қабылдау пункттерін орнату. Жобаның жалпы бағасы 735,0 млн.теңгеге бағаланып отыр;

– СельПК «БерекеБірлікАгро» Ұлытау ауданы ауылшаруашылық шаруашылығымен бірге – мал сою цехын құру, мал семірту базасын құру. Жоба 35,0 млн.теңгеге бағаланып отыр;

– ҚР АШМ 10 пилоттық СДО құру – 500 млн. теңге;

– АҚ «Волынский свинокомплекс» – асыл тұқымды селекциялық станция құру «Волынский» базасында. Жобаның жалпы құны 300,0 млн.теңгеге бағаланып отыр;

– Облыс қалалары мен аудандарында әлеуметтік павильон арқылы жүзеге асырылатын инфляцияны ұстап тұру мақсатында бағасы нарық бағасынан 20-25% төмен болатын 10 мың тоннакөкөніс өнімін дайындау жүйесін құру мен ұйымдастыру оны іске қосу.

ӘКК әлеуметтік саланы дамытудағы рөлін атап өту керек. Әлеуметтік саланы дамытудың базалық проблемаларының бірі тұрғындардың негізгі әлеуметтік мекемелердің қамтамасыз ететін қызметтерін аз көруі болып табылады, олардың қызметтерінің қолжетімділігінің тқмен болуы, мекеменің материалдық-техникалық аз қамтылуының салдарынан қызмет көрсету сапасының кемдігі техникалық құралдардың тозуы.

Осы маңызды проблеманы аздап болсын шешу үшін ӘКК «Сарыарқа» қызметі шегінде бірнеше инвестициялық жобаларды шешу концессия жағдайында, оның ішінде 10-нан астам балалар бақшасын салу, түзету-еңбек мекемелерін, тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерін салу [10].

Жалпы алғанда мемлекеттік-меншік серіктестік негізінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту алдағы уақытта мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

– Қарағанды қаласында балалар бақшасы кешенін салу (жүзеге асыру мерзімі 2011-2012жж., концессия мерзімі 20жыл, 7,6 млрд. теңге);

– Теміртау қаласында балалар бақшасы кешенін салу және оны пайдалану (жүзеге асыру мерзімі 2011-2012жж., концессия мерзімі 20жыл, 2,7 млрд. теңге);

– Қарағанды облысында жалпы режимдегі түзету мекемелерін салу және оны пайдалану (концессия, 2012-2013жж., 5 млрд. теңге);

– Қарағанды қаласында монша-сауықтыру кешенін салу, оны басқару мен пайдалану (жүзеге асыру мерзімі 2011-2012жж., концессия мерзімі 20жыл, 2,1 млрд. теңге).

– Жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды жүзеге асырудан басқа ӘКК «Сарыарқа» бірнеше концессиондық жобаларды жүзеге асырады.

– Қорытынды шығара отырып негізгі күшті және әлсіз жақтарын қарастырайық, сонымен қатар ӘКК «Сарыарқаны» дамытуды көрсететін және оған қауіп төндіретін мүмкіндіктерді қарастырайық (кесте 1).

Кесте 1 – ҰК «ӘКК «Сарыарқа» АҚ SWOT-талдау

| Күшті жақтары   | Әлсіз жақтары  |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мүліктік кешеннің және старттық капиталының болуы</li> <li>– Жеке минералдық-шикізаттық база және жер активтері</li> <li>– Салалық дифференцирленуші және көппрофильділік</li> <li>– Тиімді геосаясат</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- ӘКК статусындағы мерзімдік өзгерістер және осындай құрылымдарды құру тәжірибесінің болмауы</li> <li>- Даму институттарымен өзара қатынастардың дамымауы</li> <li>- ӘКК қызметінің ақпараттық ашық еместігі</li> <li>- Кәсіби кадрлардың болмауы және компанияларға тәуелділік</li> <li>- Кәсіпкерлік ортадан келген қызметкерлердің үлесінің төмендігі</li> </ul> |
| Мүмкіндіктер  | Қауіптер   |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>– Инвестициялық және инфрақұрылымдық әлеуетті дамыту</li> <li>– Мемлекеттік даму институттарынан тәжірибе мен ақпараттық ресурсты трансферттеу</li> <li>– Шетелдік компаниялармен серіктестік және аутсорсинг мүмкіндіктері</li> <li>– БОР принциптеріне сәйкес стратегиялық бағыттарды жүзеге асыру (оның ішінде ӘКК қызметін бағалау әдісі);</li> <li>– ӘКК қызметінің ақпараттық ашықтығын арттыру ӘКК қызметін бағалау әдісін енгізе отырып және оның рейтингісін анықтау</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>– Рентабельдігі төмен және әлеуетті шығынды активтері бар компаниялардың мүліктік кешеніне қатысу</li> <li>– инвестициялық портфельде артық портфель шикізаттық бағыттағы жобалардың артық болуы</li> </ul>   |

ӘКК «Сарыарқа» негізінде кең мүліктік кешен бола отырып, старттық капиталы бола отырып ең бастысы жеке минералды-шикізаттық базасы мен жер активтері бола тұрып (нақтырақ айтқанда оған иелік ету құқығы) бола тұра болашақта дамуға оң тенденциялары бар. Сонымен қатар Қазақстанда МЖК барлық механизімін дамыту мен оның оң үдерісін де атап өту керек.

ӘКК дамытуда өзіндік проблемалар мен қатерлер бар. Олардың ішінен ең бір маңыздылары ретінде ӘКК тұрақсыздығын атауға болады. ӘКК құрылғаннан бері 5 жыл өтті, алайда осы уақыт аралығында корпорация акция иесін ауыстырып үлгерді (республикалықтан аумақтық деңгейге), содан кейін бірнеше тәуелсіз субъектілерге бөлініп үлгерді. Қатерге сонымен қатар ӘКК қызметінің оң нәтижелеріне қарамастан аталған уақытта ол өз миссиясын толығымен атқарып отырған жоқ, шикізаттық жобалардағы инвестициялық портфельдің артықтығы және әлеуметтік- маңызды жобалардың дамымауы ӘКК мемлекеттік-жеке серіктестік институты ретіндегі тиімділігін төмендетеді.

## Әдебиеттер

- 1 ҚР Президентінің Жарлығы. «Қазақстан Республикасының 2003–2015 жылдардағы индустриялық-инновациялық даму стратегиясы» жөнінде: бекітілген 2003 ж. 17 мамырда, № 1096.
- 2 ҚР Президентінің Жарлығы. «Қазақстан Республикасын 2010–2014 жылдарда үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту Мемлекеттік бағдарламасы» жөнінде: бекітілді 2010 ж. 19 наурызында, № 958. - «Юрист» электронды анықтама жүйесі.
- 3 Аликаева М.В. Источники финансирования инвестиционного процесса // Финансы. – 2003. - № 5. – 13 с.
- 4 Смаилов А.А. «Казахстан в 2008 году» // Статистический ежегодник Казахстана. – Астана, 2009. – 614 с.
- 5 Закон РК. « О внесении изменений и дополнений в Закон РК «О рынке ценных бумаг»: принят 04 февраля 2005 года.
- 6 Плотников А.Н. Перспективы венчурного инвестирования инновационной деятельности // Финансы. - 2003. - № 5. – 16 с.
- 7 Rostow W.W. The Stages of Economic Growth. A Noncommunist Manifesto. - Cambridge, 1960. - P. 307-331.
- 8 Литвиненко О.И. Теории прибыли. – М: «Мысль», 1979. – С. 97-98.
- 9 Hayami Y. Development Economics from the Poverty to Wealth of Nations. - Oxford, 1997. - P. 37.
- 10 Қазақстан Республикасы және оның өңірлері 2008-2013 // Статистикалық жинақ. – Астана, 2014. - 228 б.

**Акбаев Е.Т., к.э.н., доцент (КарГУ им. академика Е.А. Букетова),  
Жетписбаев К.А. м.э.н., старший преподаватель  
(КарГУ им. академика Е.А. Букетова),  
Молдабеков К.А. магистрант 2-го курса (КарГУ им. Е.А. Букетова)**

## **ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ: ОПЫТ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН**

Рассматривая зарубежный опыт формирования и реализации инвестиционной политики, следует подчеркнуть, что, несмотря на либерализацию общих условий экономической деятельности, во многих странах сформирована действенная система государственного регулирования инвестиционного процесса, основанная на использовании различных инструментов экономического и организационного характера. В странах с развитой рыночной экономикой государство в процессе реализации инвестиционной деятельности выполняет одновременно несколько функций: регулирование (стимулирование или ограничение) общего объема капиталовложений частного бизнеса; выборочное стимулирование инвестиции в определенные предприятия, отрасли и сферы деятельности; прямое административное вмешательство в инвестиционный процесс с целью ввода или вывода определенных производственных мощностей путем согласования планов и действий крупнейших корпораций.

Во многих странах распространенными формами реализации инвестиционной политики являются:

- 1) программно - целевое управление инвестиционной деятельностью;
- 2) государственно-частное партнёрство;
- 3) инвестиционный налоговый кредит.

Вместе с тем, следует отметить, что практика формирования инвестиционной политики, несмотря на некоторую общность методологических подходов, существенно различается.